

Элективті пәндер каталогы/ (Пәннің қысқаша мазмұны)

(Қабылдау жылы: 2025 жыл)

ББ шифры және атауы: 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті

№	Пән атауы	Оқытудың мақсаты	Қысқаша сипаттама	Пререквизиттер/ Постреквизиттер	Дублин дескрипторлары
1	Шетел тілі	Студенттердің академиялық, кәсіби және әлеуметтік салаларда тиімді қарым-қатынас жасауына қажетті шетел тілін меңгерудің базалық және кәсіби маңызы бар коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, тілдік материалды ауызша және жазбаша түрде түсіну мен қолдану қабілетін дамыту, сондай-ақ мәдениетаралық құзыреттілікті жетілдіру.	Пән «Шетел тілі» - бұл ағылшын тілін шетел тілі ретінде меңгеруді студенттерге арналған оқу курсы, және олардың бастапқыдан жоғары деңгейге дейінгі дайындық деңгейіне сәйкес тілдік құзыреттілігін кезең-кезеңімен дамыту мен жетілдіруге бағытталған. Бұл курс студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға, сондай-ақ шетел тілінде тыңдап түсіну, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын академиялық, кәсіби және әлеуметтік контекстерде дамытуға бағытталған кешенді бағдарлама болып табылады. Тілдің түрлі қатынас салаларында — оқу қызметінен бастап кәсіби коммуникация мен күнделікті әлеуметтік қарым-қатынасқа дейін — практикалық қолданылуына ерекше назар аударылады. Курс мәдениетаралық коммуникация дағдыларын, сыни ойлау қабілетін дамытуға және студенттерді кәсіби әрі академиялық ортада тиімді қарым-қатынас жасауға дайындауға септігін тигізеді.	Пререквизиттер: Шетел тілі базалық білім Постреквизиттер: Шетел тілі Жалпы еуропалық стандартқа (CEFR) сәйкес.	А) Академиялық, кәсіби және әлеуметтік контексттерде әртүрлі күрделілік деңгейіндегі мәтіндерді, соның ішінде аудиоматериалдарды еркін тыңдап түсіну. В) Түрлі өмірлік және оқу жағдайларында ауызекі ағылшын тілін түсіну үшін тыңдалым дағдыларын қолдану. С) Таныс және академиялық тақырыптар бойынша өз ойын жеткізіп, сұрақтар қойып, оларға жауап бере отырып, тиісті лексика мен грамматиканы пайдалану арқылы ауызша қарым-қатынасқа тиімді қатысу. D) Өзінің кәсіби саласына сәйкес терминологияны дұрыс қолдана отырып, қысқаша жазбаша жұмыстар (электрондық хаттар, жазбалар, эсселер) дайындау. E) Шетел тілін меңгеру деңгейін өз бетінше арттыру үшін заманауи технологиялар мен ресурстарды пайдалану.
2	Қазақ (орыс) тілі	Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде маңыздылығы	Пән үштілділік пен ұлттық сананы рухани жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру	Пререквизиттер ЖОББМ қазақ тілі Постреквизиттер: пәнді оқу барысында алған білімдері, біліктері	А) Қазақ тілінің функционалдық стильдері мен коммуникативтік қолданыс аясын теориялық тұрғыда

		<p>мен құндылығын арттыру, болашақ маман иесінің қазақ тілін қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алу құзіреттілігін қалыптастыру.</p>	<p>аясында орыс тілінде және коммуникация саласында танымдық және коммуникативтік қызметті жүзеге асыра алатын студенттің тілдік тұлғасын дамытуға; қойылған мақсатқа сәйкес белгілі бір сертификаттау деңгейіндегі лексикалық, грамматикалық және прагматикалық материалдарды қолдана отырып, күнделікті, әлеуметтік-мәдени, ресми іскери мәтіндерді жалпыға бірдей қабылданған нормаларға, функционалдық бағыттарға сәйкес құруға бағытталған.</p>	<p>мен дағдылары мамандықтардың тиісті пәндерін меңгеру үшін қажет.</p>	<p>біледі; морфология, синтаксис, сөз қолдану нормалары, стилистика және қазіргі сөйлеу тілінің ерекшеліктері туралы терең білім алады; қазақ тілінің лексикалық байлығы мен тілдік-мәдени контекстін түсінеді. В) Әртүрлі салалардағы (тұрмыстық, әлеуметтік, кәсіби, мәдени) сөйлеу жағдаяттарында қазақ тілінде еркін сөйлей алады; түрлі жанрдағы мәтіндерді түсініп, сараптап, негізгі ойды тұжырымдай алады; қазақ тілінде мақалалар, аннотациялар, хаттар, тезистер мен эсселер жаза біледі; коммуникативтік жағдайға сай ақпарат алмасу дағдыларын меңгереді. С) Тілдік құбылыстарды салыстыра, талдай, бағалай отырып, олардың қолданыс орнын ажырата алады; қазақ тілін ғылыми, әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларда тиімді қолданып, дискурстық-коммуникативтік құзыреттілігін дамытады; сөйлеу барысында тілдік нормалар мен мақсатқа сай қолдану ережелерін сақтайды. D) Мәтінмен жұмыс істеу барысында негізгі және қосымша ақпаратты ажырата алады, құрылымдық талдау жасайды; пікірталас пен әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша өз көзқарасын дәлелді түрде білдіреді, оппонент пікірін бағалай алады; әртүрлі стилистикалық бағыттағы мәтіндерді құрастырып, сөйлеу әрекетінде қолдана алады. E) Қоғамдық және кәсіби өмірде қазақ тілінде еркін қатынас жасап, функционалдық сауаттылық танытады; мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынаста тілдік жағдаяттарды ескеріп, коммуникативтік мақсатқа жетуге</p>
--	--	--	--	---	---

					қабілетті болады; қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеп, оның қолдану аясын кеңейтуге бағытталған тілдік әрекеттер жасай алады.
3	Қазақстан тарихы	Курстың мақсаты- Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру.	Қазақстан тарихы пәні Қазақстан аумағында көшпелі өркениет пен мемлекеттіліктің қалыптасуын, XIII- XV ғғ. Орталық Азиядағы түркітілдес халықтардың этномәдени интеграциясының кезеңдерін, Қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдері, жаңа дәуір кезеңіндегі тарихи даму ерекшеліктерін (XVIII - XX ғғ.басы), кеңестік кезеңдегі Қазақстанның дамуын, Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік даму стратегиясы, экономикалық, қоғамдық- саяси, рухани дамуы, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орны қарастырылады.	Пререквизиттері: мектеп курсындағы «Қазақстан тарихы» пәні, «Дүние жүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық» пәндері. т.б. Постреквизиттері: «Философия», «Мәдениеттану», «Саясаттану», «Әлеуметтану» және т.б. гуманитарлық жиынға қатысты пәндерді меңгеруге зор ықпал етеді.	А)Қазақстан тарихының дамуының ежелгі дәуірлерінен қазіргі заманға дейінгі тарихи даму кезеңдерін біледі және тарихи үдерістердің маңызын түсінеді. В)Өткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни тұрғыдан талдау арқылы адамзат қоғамының әлемдік - тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білуде білімін қолдана алады; С)Қазіргі Қазақстандағы тарихи құбылыстар мен үдерістерді зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық тұрғыдан талдау дағдыларын игереді. Тарихи тұжырымдарды дәйектеп, дәлелдер негізінде өз көзқарасын қалыптастырады; Д)Заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделеу дағдысын қалыптастыра отырып, тарихи дерекөздері бойынша топпен жұмыс істеуде коммуникативтік мәдениетті сақтайды; Е)Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарын жүйелей отырып, өзіндік қорытынды жасайды, сыни баға береді.
4	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (Әлеуметтану/Саясаттану)	Білім алушылардың болашақ маман, мемлекет азаматы ретінде қалыптасуына ықпал ету. Осы бағытта қоғамның табиғатын, даму	Пәнді оқу барысында қоғамның даму заңдылықтарын, қазіргі қоғамның әлеуметтік - экономикалық, саяси даму ерекшеліктерін зерттеуде әлеуметтану және саясаттану ғылымдарының алатын орны	Білім алушы «Әлеуметтану/Саясаттану» пәнін жақсы меңгеру үшін мектеп курсындағы «Дүниежүзілік тарих», «Қазақстан тарихы», «География», «Қоғамтану», «Өзін – өзі тану» және	1. Білу және түсіну: Әлеуметтану және саясаттану саласындағы негізгі ұғымдарды, теориялар мен тәсілдерді терең біледі және сол арқылы Қазақстанда және әлемдік контексте болып жатқан әлеуметтік және саяси процестерді түсінеді.

		зандылықтарын, ішкі құрылымын, қоғамдағы әлеуметтік институттардың қызметін түсіндіру. Саяси мәдениеті жоғары, әлемдегі және мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын терең зерделей алатын, оның дамуына үлес қоса алатын кәсіби біліктілікті қалыптастыру.	баяндалады. Сонымен қатар негізгі категориялар, әлеуметтанулық зерттеулер, әлеуметтік институттардың түрлері мен қызметі, қоғамдағы отбасы институтының рөлі, мемлекет, саяси сана, саяси мәдениет, саяси идеология, мемлекеттің рухани және саяси өміріндегі саяси элитаның рөлі туралы айтылады.	т.б. осы секілді базалық пәндермен таныс болу қажет. «Әлеуметтану/ Саясаттану» курсынан алған білімі алдағы уақытта жүргізілетін «Философия», «Құқықтану», «Дінтану», «Мәдениеттану/Психология», «Ұлттық руханият» т.б. гуманитарлық жиынға қатысты пәндерді меңгеруге зор ықпал етеді. Білім алушылар бұл пәннен алған білімі алдағы өмірінде де, болашақ мамандығына қатысты арнайы курстарды жақсы меңгеруіне де өз пайдасын тигізеді.	2. Білімді қолдану: Алған білімдерін нақты әлеуметтік және саяси жағдайларды талдау үшін қолдануға қабілетті; ғылыми дәлелдерге сүйене отырып, өзекті қоғамдық мәселелерді талқылауға қатысады. 3. Пайымдау, идеяны бағалау және тұжырымдарды қалыптастыру саласындағы білігі: Сыни ойлау және әлеуметтік-саяси талдау әдістерін қолдана отырып, негізделген пайымдауларды қалыптастыра алады; өз көзқарасын дәлелді түрде білдіруге және қорғауға қабілетті. 4. Қарым-қатынас саласындағы іскерлігі (коммуникативтік қабілеттер): Қоғамдық және саяси мәселелерге қатысты тақырыптар бойынша ойды ауызша және жазбаша түрде тиімді білдіреді; мәдениетаралық және кәсіби ортада өзара әрекеттеседі. 5. Оқыту саласындағы дағдылар (оқуға қабілеттілік): Әлеуметтік және саяси ғылымдар саласында өзін-өзі оқыту және дамыту қабілетіне ие; әр түрлі тарихтан ақпарат ала алады.
Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (Мәдениеттану/психология)	Білім алушылардың болашақ маман, мемлекет азаматы ретінде қалыптасуында мәдениет тәжірибелерін үйренуге бағыт-бағдар беру. Мәдениет ұғымын, мәдениеттің түрлерін, мәдениеттану ғылымының зерттеу аясын, басқа ғылымдардан ерекшеліктерін және қазақ мәдениетінің	Әлеуметтік- саяси білімдер модулі «Мәдениеттану» және «Психология» пәндерінің мазмұны біріктіріліп оқытылады. Модульдің пән дәрістік және практикалық сабақтар, ОБӨЖ, БӨЖ тапсырмаларын орындау, сонымен қатар ағымдық және аралық бақылау жұмыстары жүргізіледі. «Мәдениеттану» курсының мазмұны мәдениет ұғымы, әлемдік мәдениеттің қалыптасуы мен даму кезеңдері, түркі-қазақ мәдениеті және оның негізгі құрылымы болып табылады. Пәннің негізгі мазмұны мәдениет құрылымын жаңа көзқарас тұрғысында зерделеуге негізделген.	Білім алушы «Мәдениеттану» пәнін жақсы меңгеру үшін мектеп курсындағы «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «География», «Қоғамтану», «Әдебиет» т.б. осы секілді базалық пәндермен таныс болу қажет. Сонымен қатар «Әлеуметтану», «Саясаттану» пәндерін де меңгеруі керек. Білім алушының «Мәдениеттану» курсынан алған білімі алдағы уақытта жүргізілетін «Психология», «Философия» т.б. гуманитарлық жиынға қатысты пәндерді меңгеруге зор ықпал етеді. Білім алушылардың бұл пәннен алған білімі алдағы	1. Білу және түсіну: Мәдениеттің дамуының негізгі ұғымдарын, категориялары мен кезеңдерін білуді көрсетеді; қоғам өміріндегі және жеке тұлғаны қалыптастырудағы мәдениеттің рөлін түсінеді. 2. Білімді қолдану: Мәдени құбылыстарды, мәдениетаралық өзара әрекеттесулерді және қазіргі әлеуметтік процестерді талдау үшін мәдени білімді қолдануға қабілетті. 3. Пайымдау, идеяны бағалау және тұжырымдарды қалыптастыру саласындағы білігі: Мәдени құбылыстарды сыни тұрғыдан түсінуді, мәдени артефактілердің мағыналарын түсіндіруді және	

		ерекшеліктерін түсіндіру. Сонымен қатар қоғамның рухани өмірінде мәдени ортаны, игіліктерді бағалауға бағыттау болып табылады.	Осыған орай пәнді оқу барысында мәдениет ұғымын, мәдениеттің құрылымын оқумен қатар, мәдениет пен тілдің байланысы, түркі-қазақ мәдениетінің құндылықтарын, сонымен қатар қазіргі қазақ мәдениетінің даму ерекшеліктері қарастырылған. «Психология пәнінің басқада қоғамдық пәндермен өзара байланысы оқытылады. Психологиядағы ұлттық сананы қалыптастыру контекстіндегі тұлғаның мотивациялық және эмоциялар мен эмоционалдық интеллект мәселелері талқыланады. Психология курсында адамның ерік қасиеті мен өзін-өзі реттеу психологиясы мен тұлғаның даралық-типологиялық ерекшеліктерін, құндылықтар, қызығушылықтар, нормалар тұлғаның рухани негізі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, тұлғааралық қарым-қатынас қазақстандық үйлесімді тұлғаның даму факторы ретінде тиімді қарым-қатынас технологиялары арқылы қоғамдық сананы жаңғырту және қоғамдағы инклюзивті мәдениет мазмұнындағы тақырыптар берілген.	өмірінде де, болашақ мамандығына қатысты арнайы курстарды жақсы меңгеруіне өз пайдасын тигізеді.	мәдениеттегі процестер туралы негізделген пікірлер айтуды біледі. 4. Қарым-қатынас саласындағы іскерлігі (коммуникативтік қабілеттер): Мәдени әртүрлілік, толеранттылық және сәйкестілік тақырыптарында тиімді қарым-қатынас жасайды; мәдениетаралық диалог контекстінде ойларды білдіреді. 5. Оқыту саласындағы дағдылар (оқуға қабілеттілік): Мәдени мәтіндер мен құбылыстарды өз бетінше зерттеу дағдыларына ие, гуманитарлық білімнің сабақтас салаларында білім беруді жалғастыра алады.
5	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің мақсаты студенттерде ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні сандық глобализация дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін қалыптастыру, жаңа «сандық» ойлау, әртүрлі қызметтік салада заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша білімдері мен дағдыларын	Пререквизиттер: орта мектептегі информатика Постреквизиттер: Ғылыми зерттеу әдістері	1. ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнының, тағайындалуын түсіндіру; ақпараттық және коммуникациялық процестерді енгізу тәсілдерін, ақпараттарды сақтау және өңдеу, жинау әдістерін түсіндіру; 2. негізгі компоненттер мен функцияларды, компьютерлік жүйелер мен желілер архитектурасын сипаттау;

		бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру.	қалыптастыру мәселелерін қарастырады. Білім алушыларға компьютердің архитектурасының, операциялық жүйелердің және желілердің тұжырымдамалық негіздерін меңгертіп, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары жайлы, жасанды интеллект технологиялары, желілік және веб қосымшаны құру тұжырымдамасы жайлы білімін, өзін-өзі дамыту және басқа мақсаттар үшін кәсіби қызметінің әртүрлі аймағында, ғылыми және практикалық жұмыстарында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын қалыптастырады.		3. ақпараттарды сақтау, тарату мен өңдеу, іздеуге арналған мобильдік және бұлтты қызметтерді, ақпараттық Интернет ресурстарды қолдану; ақпаратты сақтау, өңдеу, жинау және жіберуге арналған компьютерлік желі мен жүйелердің аппараттық және программалық жабдыкталуын қолдану; 4. ақпараттарды қорғау құрылғылары мен әдістерін таңдауды негіздеу және талдау; сандық технология көмегімен әртүрлі қызметтік саласына арналған деректерді басқару және талдау құрылғыларын жасау; 5. заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы мамандық бойынша жобалық қызметкерлікті қалыптастыру.
6	Философия	Студенттердің кәсіби маман, мемлекет азаматы ретінде қалыптасуына бағыт-бағдар беру. Осы мақсатта философияның адамзат әлеміндегі алатын орнын, философиялық дүниетанымның ерекшеліктерін, философияның қоғамдық сананың тарихи формаларының бірі ретіндегі қызметін, мәдениетпен, ғылыммен байланысын үйрету.	Оқу курсы білім алушының философияның қалыптасу тарихымен, философиялық танымның әдіс тәсілдерімен танысуға және алған білімін пәнаралық байланыс негізінде пайдалануға дағдылауға бағытталған. Курсты оқу барысында студент жалпы дүниетаным жүйесін, қоғамда орын алып жатқан түрлі саяси, мәдени, әлеуметтік құбылыстардың ішкі байланыстарын терең түсіне алады. Курс мазмұнын толық игеру арқылы білім алушы ойлау мәдениетін дұрыс меңгеруге дағдыланады.	Қоғамтану пәндері, Қазіргі заман Қазақстан тарихы, Әлеуметтану, Саясаттану. Ұлттық руханият, Мәдениеттану, Психология.	1. Білу және түсіну: Философиялық ойдың дамуының негізгі кезеңдерімен және қазіргі заманның өзекті дүниетанымдық мәселелерімен таныс іргелі философиялық ұғымдар мен категорияларды түсінуді көрсетеді. 2. Білімді қолдану: Кәсіби және жеке қызметті талдауда философиялық тәсілдерді қолдана алады; философиялық принциптер негізінде әлеуметтік, этикалық және дүниетанымдық мәселелерді түсінуге қабілетті. 3. Пайымдау, идеяны бағалау және тұжырымдарды қалыптастыру саласындағы білігі: Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларына ие, философиялық мәселелер бойынша өз пайымдауларын тұжырымдай және дәлелдей алады, логикалық және этикалық талдау негізінде қорытынды жасай алады.

					<p>4.Қарым-қатынас саласындағы іскерлігі (коммуникативтік қабілеттер): Философиялық идеялар мен ұстанымдарды ауызша және жазбаша түрде тиімді білдіреді, әртүрлі көзқарастарға құрмет көрсете отырып, күрделі дүниетанымдық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысады.</p> <p>5. Оқыту саласындағы дағдылар (оқуға қабілеттілік): Философиялық дереккөздерді дербес зерттеуге, жеке дүниетанымды рефлексиялауға және түсінуге, сондай-ақ гуманитарлық ғылымдар саласында одан әрі тереңдетіп оқытуға қабілетті.</p>
7	Дене шынықтыру 1,2,3,4 семестр, 8 кредит	<p>Білімалушылардың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу;</p> <p>Білімалушыларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру, еңбек пен күнделікті өмірде қажетті қозғалыс дағдыларын дамыту. денсаулықты көп жыл бойы сақтау және нығайту.</p>	<p>Бағдарламаның мазмұны студенттерді төрт оқу бөлімдері бойынша бөлуге сәйкес келеді: негізгі, даярлық, арнайы (емдік дене шынықтыру топтарын қосқанда), спорттық. Білім алушыларды оқу бөлімдеріне бөлу оқу жылы басында жынысын, денсаулық жағдайын, дене дамуын, дене шынықтыру және спорттық даярлығын ескеру арқылы жүргізіледі. Білімгер бір оқу бөлімінен (топтан) екіншісіне оқу жылы немесе семестр аяқталғаннан кейін көше алады. Білімгерлерді даярлық немесе арнайы медициналық оқу бөлімдеріне ауыстыру ауруына байланысты оқу жылының кез келген уақытында жүзеге асырылуы мүмкін. Білімгерлер негізгі және даярлық бөлімдеріне жалпы физикалық даярлық пен спорт түрлері бойынша топтарға бөлінеді. Даярлық бөліміне денсаулық жағдайының төмін деңгейі немесе денсаулығында аз ауытқулары бар білімгерлер бөлінеді. Медициналық тексеру мәліметтері бойынша</p>	<p>Пререквизиттер: ЖББМ Дене шынықтыру сабағы.</p> <p>Постреквизиттер: Жалпы дамытуға арналған дене қозғалыс жаттығуларын жасау, салауатты өмір салтын ұстану,</p>	<p>А) Білу және түсіну: Жалпы дамытуға арналған дене қозғалыс жаттығуларын жасауды біледі және түсінеді.</p> <p>В) Білімді қолдану: Дене шынықтырудық оқу бағдарламасын практикада қолданады.</p> <p>С) Пайымдау, идеяны бағалау және тұжырымдарды қалыптастыру саласындағы білігі: Дене шынықтыру және спортпен айналыстырудың жүйелі сабақтарына деген қажеттілік пен дене шынықтыруға мотивациялық-құндылықтық қатынастары қалыптасады.</p> <p>Д) Қарым-қатынас саласындағы іскерлігі (коммуникативтік қабілеттер): Іскерлік дағдыларын, коммуникативтік қабілеттерді меңгереді.</p> <p>Е) Оқыту саласындағы дағдылар (оқуға қабілеттілік): Спорттық және қимыл-қозғалыс ойындарын, заманауи сауықтыру жүйелерін, дене жаттығуларымен айналысу процесіндегі бақылау және өзін өзі</p>

			<p>арнайы оқу бөліміне жіберілген білімгерлер арнайы медициналық топтарға немесе емдік дене шынықтыру топтарына бөлінеді. Спорттық оқу бөлімінде топтардың толтырылымдылығы спорт түріне және айналушылардың біліктілігіне қатысты болады. Спорт ойындары түрлері бойынша спорттық мамандандыру оқу топтары ойыншылардың қос құрамын толтыру арқылы құрылады. Осы бағдарлама дене шынықтыруды әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестікте қарастыратын жалпы білім беретін "Дене шынықтыру" пәнін оқытуға бағытталған. Бағдарлама оқытушы мен білім алушының дене тәрбиесі барысында оқытудың барлық кезеңіндегі пәнді игеру деңгейіне қойылатын талаптар контексіндегі бірлескен ынтымақтастығын анықтайды. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері. Бағдарламаның мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Мақсатты жүзеге асыру үшін келесідей білім беру, сауықтыру және тәрбие міндеттері шешілуі қажет:</p>	<p>бақылау т.б кәсіби құзіреттіліктерді жетілдіреді.</p>
--	--	--	---	--

			<p>1) тиімді кәсіби еңбекке қабілеттілікті және денсаулық сақтау үшін өмірлік маңызды дене қасиеттерін дамыту жолында дене шынықтыру және спортты қолдану бойынша базалық ғылыми-негізделген білім беру;</p> <p>2) дене шынықтыру және спортпен айналыстырудың жүйелі сабақтарына деген қажеттілік пен дене шынықтыруға мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру;</p> <p>3) ағзаның еңбек қызметінің қолайсыз факторларының әсеріне кедергісін арттыру, денсаулығын нығайту және машықтану;</p> <p>4) өзара көмекке, коллективизмге және тәртіпке тәрбиелеу;</p> <p>5) психикалық тұрақтылықты, өз күшіне сенімділікті, мақсаттылықты, батылдық пен табандылықты, бастамашылықты, қайсарлық пен қажырлықты тәрбиелеу;</p> <p>6) негізгі қозғалтқыш қасиеттерін дамыту және жетілдіру - төзімділік, күш, жылдамдық, икемділік;</p> <p>7) дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі мен әлеуметтік-мәдени құндылықтарын дамыту бойынша әртүрлі дағдылар мен қабілеттерге ие болуды қамтамасыз ету; Жалпы дамытуға арналған жаттығулар, жүгіру, секіру, эмоциялық-ырғақты музыка әуенімен орындалатын би элементтері. Би жаттығулары формалары. Сынақтық және жарыстық би-ырғақты бағдарламаларды орындау.</p>		
--	--	--	---	--	--

8	<p>Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі)</p>	<p>1) негізгі экономикалық мәселелерді, теориялық экономиканың тұжырымдамалық ережелерін және бизнес негіздерін зерттеу. 2) Курс мемлекет және құқық туралы негізгі түсініктерімен танысуға бағытталған, білім алушылар қазақстандық құқық жүйесі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесі, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау тетіктері, заңды жауапкершілік негіздері туралы білім алады. Курсты оқу барысында білім алушыларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мінез-құлық негіздерімен қатар қоғам мен мемлекетте сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік қалыптасады, білім алушылар сыбайлас жемқорлық құбылыстарына заңды түрде қарсы әрекет ету қабілетін меңгереді. 3) Биосфера тұрақтылығын сақтау,</p>	<p>Курс білім алушылардың қаржылық, құқықтық, экономикалық және экологиялық сауаттылығын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін және кәсіпкерлік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Ол тұрақты даму мақсаттарына жетуге ықпал етіп, жауапты тұтыну, құқықтық сана, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік дағдыларын дамытады. Экономика негіздерін меңгеруге, кәсіпкерлік ойлауды дамытуға, іс ашуға, қаржыны басқаруға, қауіпсіз өмір сүруге назар аударылады.</p>	<p>1)Пререквизиттері: Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология). Постреквизиттері: Заманауи мектеп басқару, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық. 2)Пререквизиттері: Әлеуметтік-саяси білім модулі. Постреквизиттері: Заманауи мектеп басқару, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық. 3)Пререквизиттері: Әлеуметтік-саяси білім модулі. Постреквизиттері: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы.</p>	<p>1. А. Экономикалық терминдердің мәнін, нарықтық экономиканың заңдылықтары мен принциптерін білу; В. Кәсіпкерліктің мақсатын, оның даму факторлары мен шарттарын түсіну; С. Бизнес принциптері туралы түсінікке ие болу, бизнес субъектілерін, түрлі түрлері мен түрлерін анықтау; Д. Кәсіпкерлік қызметті талдау кезінде экономикалық сипаттағы мәселелерді ажырата білу; Е. Кәсіпкерлік қызметті талдау әдістерін меңгеру. 2. А. Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет саласындағы білім және түсінік. В. Құқықтық қорғау білімін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздерін практикада пайдалану. С. Қоғамдық және мемлекеттік құрылымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және заңдылықты бұзу саласында қорытындылар шығаруға, идеяларды және тұжырымдарды бағалауға қабілеттілік. Д. Әр түрлі субъектілер арасындағы мүдделер қақтығысын шешу саласындағы дағдылар. Е. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық саласындағы дағдылар, құқық қолдану практикасының күрделі міндеттерін шеше білу. 3. А. Табиғи тұрақтылықтың өзгеру себептеріне байланысты экологиялық проблемалар бойынша зерттеулер жүргізеді; В. Өмірде экология және тұрақты даму заңдарын қолдану. С. Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды ұсынады. Д. Қоршаған ортада адамның тіршілік қауіпсіздігінің теориялық, құқықтық,</p>
---	--	--	--	--	--

		барлық адамдардың білім дәрежесіне қарамастан олардың экологиялық ұғымының жоғары болуына септігін тигізу, студенттердің экологиялық білімін, мәдениетін кеңейту, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу, адамның мекен ету ортасымен қауіпсіз өзара әрекеттесу және қауіпті жағдайларда жағымсыз факторлардан қорғау негіздерімен таныстыру болып табылады.			нормативті-техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастырады. Е.Өндірісте және күнделікті тұрмыста қауіпсіз тіршілік етуді қалыпқа келтіруді және тіршілік қауіпсіздігі саласының негізгі мәселелерін анықтайды.
--	--	--	--	--	--

1-курс

9	Нормативті қазақ тілі	Нормативті қазақ тілі» курсы тіл, әдебиет мамандарын дайындау үшін оқылатын лингвистикалық пәндердің негізгісі болып есептеледі. Курс бүгінгі күні жалпыхалық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізін танытуды міндет етеді. Бұл ғылыми-теориялық негіз маманға тілдегі барлық фактілерді, құбылыс, процестерді дұрыс танып, еркін түсіндіруге мүмкіндік береді, сондықтан «Нормативті қазақ тілі» курсы іргелі, практикалық сипатта оқытылады. Бұл курс берген білім қазақ тілінің тарихын, түрлі стильдік, функционалды жанрларын, оқыту әдістемесін орфоэпия, емле, пунктуация т.б. мәселеріне арналған	Нормативті қазақ тілі курсы тіл, әдебиет мамандарын дайындау үшін оқылатын лингвистикалық пәндердің негізгісі болып есептеледі. Курс бүгінгі күні жалпыхалық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізін танытуды міндет етеді. Бұл ғылыми-теориялық негіз маманға тілдегі барлық фактілерді, құбылыс, процестерді дұрыс танып, еркін түсіндіруге мүмкіндік береді, сондықтан «Нормативті қазақ тілі» курсы іргелі, практикалық сипатта оқытылады. Бұл курс берген білім қазақ тілінің тарихын, түрлі стильдік, функционалды жанрларын, оқыту әдістемесін орфоэпия, емле, пунктуация т.б. мәселеріне арналған	Пререквизиттер: ЖББОМ қазақ тілі Постреквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	А) Қазақ тілінің құрылымдық жүйесінің басты мәселелерінен хабардар болады. В) Тілдің негізгі заңдылықтарын жетік меңгереді. С) Тілдің барлық саласы бойынша құрылымдық жүйесін таниды; Д) Тілдік талдау жасау дағдыларын қалыптасырады; Е) Тіл білімінің терминдерімен танысып, олардың салаларын сипаттай біледі.
---	-----------------------	--	---	--	--

		етеді.	пәндерді оқып, меңгеруіне тірек болады.		
10	Оқу (танысу) практика	Тұтас педагогикалық процесті құзырлылық әдіспен іске асыруға мүмкіндік беретін болашақ мұғалімнің кәсіби іскерлігін және педагогикалық іс-әрекеттің, зерттеушілік әдісін дамыту.	Педагогикалық практика барысында студент пән мұғалімінің және сынып жетекшісінің оқу-әдістемелік құжаттарымен танысады. Сонымен қатар, бекітілген сыныптағы тұтас педагогикалық үдерістің жағдайын диагностикалық әдістемелер көмегімен зерттейді. Бұл зерттеуге оқушылардың оқу үлгерімі, жеке және ұжымдық даму деңгейі, әлеуметтік белсенділігі, тәрбиелілік дәрежесі, сондай-ақ ес, ойлау, ынта секілді тұлғалық-психологиялық процестердің дамуы жатады. Практика аясында студент оқушылардың отбасындағы тәрбиелік жағдайын, психологиялық ахуалын, сондай-ақ олардың ата-аналарымен, сынып жетекшісімен және мектеп ұжымымен өзара байланысын зерделейді. Бұдан бөлек, мектептің психологиялық қызметінің ұйымдастырылуы мен жағдайын, дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс бағыттарын, мектептің бейіндік пәндер бойынша оқыту ерекшеліктерін және мектеп кабинеттеріндегі әдістемелік нұсқаулықтарды зерттейді. Педагогикалық практика болашақ мұғалімнің кәсіби тәжірибе жинақтауына ғана емес, сонымен қатар оның ғылыми-ізденіс дағдыларын қалыптастыруға және педагогикалық зерттеулерге бейімделуіне мүмкіндік береді.	Пререквизиттер: Әлеуметтік-саяси білім модулі, АКТ Постреквизиттер: Педагогика	А) Студент мұғалім мен сынып жетекшісінің оқу-әдістемелік құжаттарымен жұмыс істеу негіздерін меңгереді. Педагогикалық үдерістің құрылымы мен мазмұнын, оқушылардың дамуын бағалауға арналған диагностикалық әдістерді түсінеді. Мектептегі психологиялық қызмет, отбасылық тәрбиенің рөлі және дарынды балалармен жұмыс жүйесі туралы теориялық білім алады. В) Теориялық білімін мектеп тәжірибесінде нақты жағдайларға қолданады. Педагогикалық және психологиялық ахуалды бағалау үшін диагностикалық әдістемелерді орынды пайдаланады. Мектептің құрылымдық бөліктерімен (ата-ана, оқушы, сынып жетекшісі, психолог, әдіскер) жұмыс жасай отырып, кешенді талдау жүргізеді. С) Оқушылардың оқу, тәрбие және психологиялық даму деңгейін талдай отырып, өзіндік кәсіби қорытынды шығарады. Мектептің оқу-тәрбие процесін бағалап, педагогикалық шешім қабылдау қабілетін көрсетеді. D) Педагогикалық ұжыммен, оқушылармен, ата-аналармен және мектеп әкімшілігімен кәсіби қарым-қатынас орнатады. Жиналған мәліметтерді, өз тәжірибесін сауатты түрде ауызша және жазбаша баяндап, пікір алмасуға қатысады. E) Педагогикалық практика

					барысында алған тәжірибесі негізінде өзіндік рефлексия жасай алады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына бейімделіп, педагогикалық ізденіске бағытталады. Кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, өмір бойы білім алуға дайын болады.
2-курс					
1	Тіл біліміне кіріспе	«Тіл біліміне кіріспе» курсының басты мақсаты – тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстыру, тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастыру және де студенттерді тілдік талдау дағдысымен қаруландыру болып табылады.	Пәнді оқу барысында студенттер тілдің табиғаты, қоғамдық мәні, тілдің пайда болу теориялары, оның құрылымдық және жүйелілік сипаттары, құрылымдық элементтердің бір-бірімен байланысы, ара қатынастары, тілдер дамуындағы ортақ қасиеттер мен ерекшеліктер, жалпы халықтық тіл мен оның өмір сүру формалары, тілдердің типологиялық және генеологиялық топтастырулары, жазудың пайда болуы мен даму үрдістері, басқа ғылымдар жүйесімен байланысы туралы нақты теорияларды меңгереді.	Пререквизиттер: Нормативті қазақ тілі Постреквизиттер: Жалпы тіл білімі	А) Тіл, таным, сана арасындағы қатынасқа қатысты тіл біліміндегі ғылыми тұжырымдарды меңгереді. В) Тілдің анықтамасын, коммуникативтік, кумулятивтік номинативтік, танымдық қызметтерін талдайды. С) Тілдерді жіктеу принциптері мен жіктемесін меңгереді. Д) Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтарын меңгереді. Е) Тіл білімінің терминдерімен танысып, олардың салаларын сипаттай біледі.
2	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	балалар мен жас жеткіншектердің өсіп дамуының ерекшеліктерін, балалардың өсу қарқыны, мүшелерінің қалыптасуы, олардың қызметін реттеуші жүйке мен эндокринді жүйелердің	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы курсы оқытудағы мақсат педагогикалық бағыттағы білім алушылардың білімін профильдеу. Әртүрлі жастағы оқушылардың анатомо-физиологиялық жүйелерінің даму заңдылықтары туралы білімді қалыптастырады. Физиологиялық дамудың жас ерекшелік заңдылықтарын білу, даму заңдылықтарының заманауи проблемаларына сүйене отырып, оқу	Пререквизиттері: Жалпы биология (мектеп курсы) Постреквизиттері: Педагогикалық практика	А. болашақ педагогтарға қажетті балалар мен жасөспірімдердің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін біледі; В. өсу мен дамудың негізгі биологиялық заңдылықтары туралы дұрыс түсініктерін қалыптастырады; С. балалар ағзасының күрделі құрылымын, мүшелер мен оның құрамдас бөліктерінің орналасуын еркін анықтай алады; D. адам ағзасының ішкі және сыртқы құрылысы мен қызметі, жас

		маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.	процесін, оқыту гигиенасын ұйымдастыру, оқытуда психологиялық мәселені қалыптастыру мәселелерін үйретеді.		ерекшеліктеріне сай даму динамикасы жөнінде терең мағлұматтарды игереді; Е. білім беру мекемелерінде балаларды оқыту және тәрбие процесінің санитарлық-гигиеналық талаптарын бағалай алады.
3	Әдебиеттануға кіріспе	Әдебиет аяғын заманмен бірге алып жүретін өміршең ғылым болғандықтан ол өз қазанында өзі қайнамай үнемі жаңадан өркен салып, даму үстінде болмақ. Сол даму жолында ол басқа да ғылым салаларымен байланысып, соны бағдар ұстанған, жаңаша зерделенген танымдар мен эстетикалық құндылықтарға қол жеткізері сөзсіз.	Әдебиеттанудың болмысы мен бітімі (әдебиет туралы жалпы түсінік, әдебиеттану және оның даму кезеңдері, образ және образдылық) қарастырылады. Әдеби шығарманың сыры мен сипаты; әдеби дамудың мағынасы мен мәні (әдебиеттегі тек пен түр, әдеби бет пен бағыт), әдеби әдістер мен әдеби ағымдар заңдылығы меңгертіледі. Көркем шығарманың мән-мазмұнын терең ұғыну және талдай алу дағдысы қалыптасады.	Пререквизиттер: ЖББОМ қазақ әдебиеті Постреквизиттер: Әдебиет теориясы	А) Әдебиеттану ғылымына кіріспе пәнін оқи отырып, меңгерген білімі мен икемділігі студентке мына мамандықтарды игеру; В) Әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы, өнердің қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері туралы ұғым қалыптастыру; С) өнердің халықтығы, көркем туындының тақырыбының идеясы, мазмұны мен пішіні, композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру; D) көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету; Е) студенттерді жалпы сын, әдебиет сыны туралы толық біліммен қаруландыру;
4	Халық ауыз әдебиеті	«Халық ауыз әдебиетін» жеке пән ретінде оқыту арқылы ғылыми мазмұндылығы терең білім беру, фольклорлық жанрлар жүйесін мазмұн-мәні терең, әрі көркем халық әдебиетін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзінше сыр- сипатын танытып, жастарға тағлым беру көзделеді.	Бұл пән халықтың фольклорлық мұраларды терең жан-жақты таныстыруды мақсат етеді, фольклор мен халық ауыз әдебиеті атауларының мағыналық айырым жігі, фольклордың салалары, жанрлық түрлері, ерекшелігі, салыстырмалы-салғастырмалы негізі, бастау арналары зерттеледі. Фольклорды жаңаша бағытта зерттей отырып, фольклористиканың тарихын, теориясын жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастырады. Фольклорды синкретті сала ретінде танып, эстетикалық, тәрбиелік, утилитарлық қызметтерін айқындап, әдебиеттану саласының жаңа бағыты ретінде қарастырады.	Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе Постреквизиттер: Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті	А)Фольклорлық жанрлар жүйесін білу және түсіну: Студенттер қазақ халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрларын, олардың құрылымдық ерекшеліктерін және тарихи дамуын терең түсінетін болады. В)Фольклор мен жазба әдебиеттің байланысын қолдануы: Халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзара байланысын, олардың әсерін практикалық тұрғыда қолдана білуі. С) Әлемдік фольклортану бағыттарын талдай білу: Әлемдік фольклортану ғылымындағы негізгі теориялық мектептер мен бағыттарды танып біледі және қазақ фольклорының жанрлық түрлерін талдай біледі. D) Фольклорлық мәтіндерді зерттеу арқылы поэтикалық тәсілдер мен

					көркемдік құралдарды қолданып, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Эссе, баяндамалар мен мәнжазбалар жазып, жаңаша идеяларды синтездеу және жоспар құру дағдыларын меңгереді. Е) Жасанды интеллект және цифрлық платформаларды (https://chatgpt.com/ , https://www.d-id.com/ , https://lucidchart.com/ , https://quizlet.com/ , https://canva.com/ т.б.) пайдалана отырып, халық ауыз әдебиетінің жанрларын зерттеуге арналған интерактивті және креативті өнімдер әзірлейді. Бұл өнімдерді білім беру және мәдени мұраны насихаттау үдерістерінде қолдану мүмкіндіктерін талдайды.
5	Педагогика	Болашақ педагогтарға білім беру, тәрбиелеу және дамыту үдерістерінің теориялық және практикалық негіздерін жан-жақты меңгерту арқылы кәсіби педагогикалық қызметке қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыру.	Пәнді оқу барысында адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың алатын орны, оның зерттеу пәні және негізгі ұғымдары туралы айтылады. Педагогикалық үдерістің құрамды компоненттері, мәні мен оларды жүзеге асыру заңдылықтары, қағидалары, формалары және әдіс-тәсілдері, құралдары, ерекшелігі баяндалады. Бүгінгі педагогика ғылымындағы адам капиталын қалыптастырудағы басты талаптар мен мәселелер, инновациялық технологиялар, білім беру жүйесін басқару қағидалары меңгеріледі.	Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (Әлеуметтану/Саясаттану, Мәдениеттану/Психология) Постреквизиттері: Білім беру бағдарламаларының бейіндігіне сәйкес пәндерді оқыту әдістемесі, психологиялық-педагогикалық тәжірибе.	А) Педагогика ғылымының теориялық негіздерін, оның ішінде білім беру, тәрбие және дамыту процестерінің заңдылықтары мен әдістерін жан-жақты түсініп, кәсіби педагогикалық қызметтің мазмұны мен құрылымын біледі; В) Педагогикалық теориялар мен әдістерді оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдана отырып, әр түрлі жас ерекшеліктері мен әлеуметтік контексттерге бейімделген педагогикалық шешімдер қабылдай алады; С) Педагогикалық жағдайларды кешенді талдау негізінде оқыту мен тәрбиелеудің тиімді стратегияларын қалыптастырып, кәсіби қызмет барысында сыни ойлау мен шешім қабылдау қабілеттерін жүзеге асырады; D) Мұғалімдер мен оқушылар арасында сенімді, этикалық және тиімді коммуникация орнатып, педагогикалық диалогты ұйымдастыра алады;

					Е) Кәсіби өсу мен білімді үздіксіз жетілдіру барысында ғылыми-әдістемелік ақпараттарды іздеу, талдау және жүйелеу дағдыларын дамытып, заманауи білім беру технологияларын меңгереді.
6	Инклюзивті білім беру	білім алушыларға инклюзивті білім берудің теориялық негіздерімен және Қазақстанда оның қалай іске асырылып жатқанымен таныстыру, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті процестерді ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелері туралы жан-жақты білім беру.	«Инклюзивті білім беру» курсының мақсат- міндеттері, пәні, объектісі, «инклюзивті білім беру» ұғымы. Қазақстан Республикасында және шетелде инклюзивті білім берудің даму тарихы. Инклюзивті білім берудің құндылықтары, қағидалары. Инклюзивті білім беру моделі. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық құжаттары. Инклюзивті білім берудегі педагогтың ролі. Педагогтардың, ата-аналар мен мамандардың өзара әрекеттесу нысандары және қызметін үйлестіру. Есту, көру, сөйлеу қабілеті бұзылған, зияты зақымдалған, психикалық даму тежелген, тірек-қимыл аппараты бұзылған, мінез-құлық және эмоционалдық бұзылыстары бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. Қоршаған ортаның қолайсыз факторларына байланысты оқу қиындықтары бар және дарынды балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. ЕББҚ бар білім алушылардың жеке оқу траекториясын жоспарлау технологиялары. ЕББҚ бар балаларды инклюзивті ортада оқыту технологиялары. Инклюзивті білім беру жағдайында критериялды бағалау жүйесін ұйымдастыру. Инклюзивті білім беру жағдайында орта білім беру ұйымдарының ішкі құжаттарын әзірлеу.	Пререквизиттері: Педагогика, 21 ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы Постреквизиттері: Жалпы білім беру жүйесіндегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды психологиялық педагогикалық жетелеу әдістемесі, Арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық актілері	А) Дамуында әртүрлі ауытқушылығы бар ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіруді, білім беру мен тәрбиелеу сабақтастығын біледі және түсінеді; В) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады; С) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдылары мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін талдайды; D) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын жүйелейді; Е) Дамуында әртүрлі ауытқушылығы бар ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру, білім беру мен тәрбиелеу сабақтастығын бағалайды.

7	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	Бұл пән Тіл білімінің бір саласы – фонетика мен фонология, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен фонологиясы туралы теориялық білім беруге арналған. Фонетика – тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Адам баласының тілі – дыбыстық тіл. Адамның пікір алысуына, бір-бірімен түсінісуіне қызмет ететін тіл – қарым-қатынас құралы, қоғамдық құбылыс. Тілдің дыбыс жүйесін жүйелі түрде зерттеп білу қажет. Қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен сапасын, өзіндік ерекшеліктері мен түрлерін, буын, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. жөнінде теориялық білім беру.	«Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» курсына фонетика ғылымы туралы түсінік беріліп, аталған саланы зерттеуші ғалымдардың еңбектері, олардың тілдің дыбыс жүйесін зерттеген ғылыми тұжырымдары жан-жақты талданып, қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен сапасы, өзіндік ерекшеліктері мен түрлері, буын, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. жөнінде теориялық білім беріліп, фонетикалық талдау жасау дағдылары қалыптастырылады.	Пререквизиттер: Нормативті қазақ тілі Постреквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы	А) Фонетиканың негізгі ұғымдарымен танысады; В) Фонетикалық заңдылықтарды игереді; С) Фонетикалық құбылыстарды ажыратып, тілдегі орнын айқындауға төселеді; Д) Дыбыстар үндесімін, буын түрлерін, дыбыстар тіркесімі мен игерілуін меңгереді; Е. Фонетикалық талдау жасауға төселеді.
8	Ғылыми зерттеу әдістері	Ғылыми зерттеу әдістері курсы ғылыми жоба жазуға, ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасауға, ғылыми әдістерді тану мен пайдалануға үйретеді. Білім алушы өзі жазған ғылыми зерттеуінің нәтижелерін ауызша	Оқу курсы ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері, академиялық жазу және академиялық адалдық туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар мен әдістерді игеруге бағытталған. Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу	Пререквизиттер: Тіл біліміне кіріспе Постреквизиттер: Жалпы тіл білімі	А) таңдалған тақырыптың өзектілігін нақтылау; В) мақсат қоя білу немесе зерттеудің нақты міндеттерін ажырату; С) нысан мен зерттеу пәнін анықтау; Д) зерттеуді жүргізу әдісін таңдау; Е) зерттеу үрдісіне сипаттану;

		және жазбаша сауатты түрде таныстыра алуына қатысты ұсыныстар беріледі.	тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды; теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдіснамасын зерделеу; зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды. Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және оқуды бітіру жұмыстарын рәсімдеу ережелеріне көп көңіл бөлінеді.		
9	Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы	Бұл пән бойынша мынадай маңызды теориялық және практикалық мәселелер қарастырылады: тілдің грамматикалық единицалары (морфема, сөз), тілдің грамматикалық құрылысы, негізгі грамматикалық ұғымдар (грамматикалық мағына, форма, категория, тәсілдер), сөздің тұлғалық құрамы (негізгі туынды сөз), қосымшалар (жұрнақ, жалғау), олардың түрлері, сөз, оның түрлері (жалан, күрделі) және сөздердің лексика-грамматикалық топтары.	«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы» пәні қазіргі қазақ әдеби тілінің сөзжасамдық және морфологиялық жүйесі туралы, қазақ тілінің қазіргі даму кезеңінде бұл жүйенің қызметі туралы түсініктер қалыптастырады. Сөздің құрамын, оның түрлерін және сөздің лексикалық-грамматикалық топтарын меңгертеді. Сөйлем мүшелерінің жүйесін, қазіргі қазақ тіліндегі қалыптасу және сөз өзгерістерінің жолдарын, сөйлемдегі және мәтіндегі грамматикалық формалардың қызметін таныстырады.	Пререквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Тіл біліміне кіріспе Постреквизиттер: Жай сөйлем синтаксисі	А). Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамын оқытуда оқушылардың коммуникативтік, тілдік, ақпараттық, және т.б. құзыреттіліктерін қалыптастырады; В). Студенттер тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім бойынша қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы пәнінен алған мәліметтерді, теориялық білімдерді игереді; С). Алған білімдерін теорияда пайдалана отырып, түрлі пікірлерді саралайды; Д). Өз пікірлерін дәлелдей алатындай, соны өзгеге үйреге алатындай дәрежеде болады.
10	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	Қазақ тіл білімінің лексикология мен лексикография	Лексикалық тіл бірліктерінің типтерін, сөздік құрамның құрылымын, толығу жолдарын,	Пререквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Тіл біліміне кіріспе	А) Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы бойынша сөз мағыналары, сөздің

	мен лексикографиясы	салалары бойынша студенттерге жүйелі ғылыми-теориялық білім беру, алған білімдерін практикалық Студенттерге қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен лексикографиясы туралы ғылыми-теориялық білім бере отырып, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты студенттерді ғылыми ізденістерге баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыру.	сөздің семантикалық тұрғыда қарастырылуын, сөз, сөз арасындағы синтагматикалық, парадигматикалық қатынастар туралы білім беру көзделеді. Сөздік жасаудың теориясы мен тәжірибесі туралы түсінік қалыптастырылады. Аталған сала бойынша жетекші ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, негізгі тұжырымдар оқытылады. Тілдік талдау жасаудың тәсілдері меңгертіліп, өз білімдерін қолданудың әдістері үйретіледі.	Постреквизиттер: Жай сөйлем синтаксисі	негізгі қасиеті, сөздің шығу төркініне, стилистикалық қызметіне, қолданылу жиілігіне байланысты түрлерін түсінеді, көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады. В) Аталған сала бағытындағы материалдарды жинаудың, лексикалық талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді. С) Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы бойынша қазіргі ғылыми парадигманың және сөздердің даму динамикасы, зерттеулердің, академиялық жазудың әдіснамалық принциптері мен салыстыру, тілдік талдау, анализ жасау тәсілдерін, мәтінді қажетті деңгейде стилистикалық талаптарға сай түсіндірудің базалық дағдыларын игергендігін көрсете алады. D) Тіл білімі, оның ішінде, лексикология саласы бойынша озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады. E) Кәсіби бағыттағы филологиялық білімдерін еңбек нарығындағы нақты сұраныстарға, кәсіпкерлік мақсатқа және бизнес, қоғаммен байланыс салаларына сәйкес пайдаланады және қолданады.
11	Ұлттық руханият	Ұлттық руханиятымызды құрайтын этногенездік ерекшеліктер мен көшпелі қоғам өмірінің құндылықтары, халықтық философия, ауыз	Курс рухани құндылықтар жүйесін, қазақтың ұлттық болмысын, руханияттың этномәдени бастауларын, ұлттық сананы, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, дүниетанымды, діни шыдамдылықты, салт-дәстүрлерді, өнерді, әдебиетті, ұлттық тәрбиені, дәстүрлі мәдениетті, жоғары сананы тәрбиелейтін рухани мұраны	Пререквизиттері: Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік-саяси білім модулі (Әлеуметтану/Саясаттану, Мәдениеттану/Психология) Постреквизиттері: психологиялық-педагогикалық тәжірибе	А) Қазақстан халқының ұлттық рухани құндылықтары, тарихи-мәдени мұрасы мен дәстүрлі дүниетанымы туралы жүйелі білімді меңгеріп, олардың қоғам дамуы мен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы орнын түсінеді; В) Ұлттық идеяларды, мәдени және рухани құндылықтарды оқу, тәрбие

		әдебиеті, халықтық білімдер, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ерте заманнан бастап қазіргі кезеңге дейінгі даму тарихынан білім беру.	зерттейді. Пән әлемдік және жалпыадамзаттық құндылықтарды, халықтық дәстүрлерді, ата-баба мұрасын құрметтеу рухында тәрбиеленген рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастырады.		және әлеуметтік жобаларда тиімді қолдана алады; С) Тарихи-мәдени деректер мен концепцияларды сыни тұрғыда талдап, қазіргі заманғы рухани-мәдени процестерге байланысты ғылыми негізделген тұжырымдар жасай алады; D) Ұлттық руханият мәселелері бойынша өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізе алады, пікірталас жүргізіп, ұжымда тиімді қарым-қатынас орната алады; E) Ұлттық, ғылыми әдебиеттермен, тарихи деректермен жұмыс істеп, үздіксіз оқу және өзін-өзі дамыту дағдыларын жетілдіреді.
12	Ежелгі дәуір әдебиеті	сақ-ғұн дәуірінен бастап ортағасырлық түркі халықтарының әдеби мұрасын тарихи, мәдени және көркемдік тұрғыдан жүйелі зерттеу. Бұл пән арқылы студенттер түркі әлемінің әдебиетіне тән идеялық және эстетикалық ерекшеліктерді терең түсінеді. Сондай-ақ, ежелгі жазба ескерткіштердің мазмұны мен олардың халық дүниетанымындағы рөлін ғылыми тұрғыдан талдау дағдылары	Пәнді игеру барысында студенттер әдебиетіміздің ежелгі, әрі көне қатпары – сақ-ғұн, түркі, ислам дәуіріндегі көркем шығарма үлгілерімен танысады. Түркі жұртының жазу-сызу, көне тарихи ескерткіштері, қала мәдениетінен тұратын түркі өркениеті болғандығына, тарихта қалғандығына ғылыми тұрғыдан көз жеткізеді. Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінің қазіргі қазақ қоғамымен байланысын, үндестігін, оның рухани өміріндегі орнын туралы түсініп қалыптастырады.	Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе, Халық ауыз әдебиеті Постреквизиттер: XX ғ. қазақ әдебиеті, Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет	A) Ежелгі дәуір әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығы және басқа да ортағасырлық әдеби жәдігерлердің негізгі ерекшеліктерін біледі, олардың түркі халықтарының мәдени және рухани дамуына тигізген әсерін түсінеді. Ежелгі дәуір әдебиетінің тарихи және мәдени маңызын сындарлы тұрғыдан бағалайды. Ежелгі түркі әдебиетіне қатысты алған білімдерін тарихи-мәдени және әдеби контексте қолдана отырып, әдебиеттану саласындағы өзекті мәселелерді ғылыми негізде талдай алады. Ежелгі әдеби ескерткіштердің жанрлық және идеялық ерекшеліктерін, олардың мазмұнындағы дүниетанымдық және философиялық аспектілерді сараптайды. Әдеби шығармаларды талдау барысында заманауи ғылыми әдістерді қолданады. D) Эссе, зерттеу мақалалары, аналитикалық баяндамалар әзірлеу арқылы шығармашылық және ғылыми

		қалыптасады. Пән ұлттық әдебиет тарихының бастаулары мен оның жалғастығын қазіргі әдеби процеске байланыстыра зерделеуді көздейді.			ізденіс қабілеттерін дамытады. Ойларын логикалық тұрғыда құрастырып, ғылыми дәлелдер келтіру және жаңаша идеялар ұсыну дағдыларын меңгереді. Е) Жасанды интеллект құралдарын (https://chatgpt.com/ , https://www.d-id.com/ , https://lumalabs.ai/dream-machine , https://www.mozaweb.com/ru/3D , https://www.canva.com/ т.б.) пайдалана отырып, ежелгі дәуір әдебиеті бойынша цифрлық жобалар әзірлейді. Осы құралдардың әдебиет зерттеуі мен білім беру үдерістеріндегі мүмкіндіктерін талдап, тиімді қолдану жолдарын қарастырады.
13	Психологиялық-педагогикалық практика	Тұтас педагогикалық процесті құзырлылық әдіспен іске асыруға мүмкіндік беретін болашақ мұғалімнің кәсіби іскерлігін және дағдысын және педагогикалық іс-әрекеттің, зерттеушілік әдісін дамыту.	Педагогикалық практика барысында студент пән мұғалімінің және сынып жетекшісінің оқу-әдістемелік құжаттарымен танысып, бекітілген сыныптағы тұтас педагогикалық үдерістің жай-күйін диагностикалық әдістемелер арқылы зерттейді. Атап айтқанда, оқу үлгерімі, оқушы мен ұжымның даму деңгейі, әлеуметтік белсенділігі, тәрбиелік деңгейі, сондай-ақ тұлғалық-психологиялық процестердің (ес, ойлау, ынта және т.б.) дамуы назарға алынады. Сонымен қатар, студент оқушылардың отбасындағы тәрбиелік процестері мен психологиялық ахуалын зерделейді, сынып жетекшісі, оқушылар және ата-аналар арасындағы өзара байланыс түрлерін бақылап, мектеппен қарым-қатынасын талдайды. Практика шеңберінде студент мектептің психологиялық қызметінің жағдайымен, дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс	Пререквизиттер: Педагогика Постреквизиттер: Білім берудегі ІТ және цифрлық ресурстар	А)Студент педагогикалық үдеріс құрылымын, оқу-тәрбие мекемесінің қызметін және мұғалім мен сынып жетекшісінің кәсіби міндеттерін түсінеді.Диагностикалық әдістемелердің негіздерін меңгеріп, оларды оқу мен тәрбиелеу жағдайын бағалау мақсатында қолдана алады. В)Теориялық білімді нақты педагогикалық жағдаяттарда тиімді қолданады.Сыныпта және мектеп деңгейінде оқу-әдістемелік құжаттармен, оқу кабинеттеріндегі ресурстармен, психологиялық қызмет және дарынды балалармен жұмыс жүйесімен тәжірибелік жұмыс жүргізеді. С)Оқушылардың даму деңгейі мен әлеуметтік-психологиялық жағдайына талдау жасап, өзіндік кәсіби қорытынды шығарады.Мектептің тәрбие, оқыту, диагностика бағыттары бойынша тәжірибелік ұсыныстар жасай алады. D) Сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен, оқушылармен және ата-аналармен кәсіби қарым-қатынас

			түрлерімен және мектептің бейіндік мамандануына сәйкес пәндер бойынша оқу процесімен танысады. Мектеп кабинеттеріндегі әдістемелік нұсқаулықтарды зерттей отырып, студент теориялық білімін нақты тәжірибемен ұштастырады. Сонымен қатар, педагогикалық практика барысында болашақ мұғалімнің ғылыми-ізденіс жұмысына бағыт алуына және педагогикалық зерттеулерге бейімделуіне мүмкіндік жасалады.		орнатады. Өз ойын ауызша және жазбаша түрде сауатты жеткізе алады, пікір алмасуға белсенді қатысады. Е) Практика барысында алған тәжірибесін саралай отырып, өзіндік рефлексия жүргізеді және кәсіби дамуға ынталы болады. Ғылыми-ізденіс жұмыстарына бейімделіп, педагогикалық зерттеулерге алғашқы қадамдар жасайды.
3-курс					
1	Хандық дәуір әдебиеті	Қазақ тарихының аса бір елеулі кезеңі – қазақ хандығы тұсындағы қазақ сөз өнерінің ең бір күдіретті қазынасы – жыраулар поэзиясының жасалғандығымен таныстыру; әдебиет сахнасынан жыраулар орын алып, елдік пен ерлік мәселелерін көтере білгендігін көрсету; қазақ атымен аталатын әдебиеттің жасай бастаған уақыты қазақ хандығы құрылған уақытпен сабақтастырылатынын ашып көрсету.	ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының негізгі өкілдері - жыраулар поэзиясының ғылыми-теориялық негізін ұғыну, толғау жанрының ерекшелігін түсіну, сол тұстағы сөз өнерінің тақырыптық-идеялық бағыт-бағдарын айқындау, тарихи шындықтың көркем шындыққа айналуын зерделеу, этикалық-моральдық мәселелердің көркем туындыдан көрініс табуының заңдылықтарын қарастыру, поэтикалық шығарманың формалық ерекшеліктеріне мән беру.	Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе, Халық ауыз әдебиеті Постреквизиттер: XX ғ. қазақ әдебиеті, Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет	А) Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті бакалаврларына қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру; В) кәсіби қабілеттеріне бағыт-бағдар беру; С) қазақ әдебиеті пәнін оқытуда әдістемелік шеберлікті қалыптастыру; D) шығармашылық қабілетті жан-жақты дамыту, шешендікке баулу; Е) әдебиет сахнасынан жыраулар орын алып, елдік пен ерлік мәселелерін көтере білгендігін көрсету.
2	Білім берудегі ІТ және цифрлық ресурстар	Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу	Пәннің мақсаты - қоғамда бәсекеге қабілетті, әрі цифрлық сауаттылығы қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру, болашақ педагогтерге заманауи жаңа цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қашықтықтан оқытуда пайдалануды	Пререквизиттер: Педагогика Постреквизиттер: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық, Функционалдық сауаттылық әдістемесі	А) Мектепті басқару жүйесі (SMS); В) Сыныпты басқару жүйесі (CRMS); С) Оқу үрдісін басқару жүйесі (LMS); D) Тестілеуді басқару жүйесі (TMS); Е) Ақпараттық – анықтамалық

		тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату жайында мәлімет беру.	меңгерту. Жаһандану заманында цифрлық қоғам мен білім беруді цифрландыру және электрондық оқыту (e-learning) жүйесін педагогтердің қашықтықтан білім беру біліктілігін арттырады, педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығы қалыптасады, онлайн интерактивтік дәрістерді, инновациялық технологияларды, жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру үрдісіне қолдана алады. Электрондық портфолионы толтыру алгоритмін үйренеді, электрондық оқыту жүйесінің платформаларымен жұмыс жасау деңгейі қалыптасады.		жүйе (IMS).);
3	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Қазақ тілі оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру	Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттеу нысаны мен міндеттері, ғылыми-теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы, оның тіл білімі, педагогика-психологиямен байланысы, зерттеу әдіс-тәсілдері, қазақ тілін оқыту құралдары, оқу жоспарларының ерекшеліктері, қазақ тілі пәнінің мазмұны мен құрылымын, оқу пәнінің бағдарламасын қазақ тілін оқыту құралдарының сипатын, оқу-әдістемелік кешен түсінігін, оның құрамын, қазақ тілін оқытудағы қазіргі технологияларды, жасанды интеллект мүмкіндіктерін, оқытудың әдіс-тәсілдерін қамтиды.	Пререквизиттер: Педагогика Постреквизиттер: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық, Функционалдық сауаттылық әдістемесі	А) қазақ тілін оқыту әдістемесінің терминдерін меңгерту; В) оқу пәні ретіндегі қазақ тілінің мазмұны мен құрылымын игерту; С) оқу-әдістемелік кешен түсінігін қалыптастыру; Д) қазақ тілін оқытудың қазіргі технологиясы, әдіс-тәсілдер, сабақ типтері, қазақ тілі курсының бөлімдерін оқыту әдістері бойынша білім беру; Е) қазақ тілі бойынша игерген білімдерін бақылау және бағалау негіздерін игерту, дағдыларын қалыптастыру.
4	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	пәннің типтік бағдарламасына сай қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің ғылыми-теориялық негіздерін саралау, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің тарихы, әдебиетті оқыту әдістері, оқытудың	Пререквизиттер: Педагогика Постреквизиттер: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық, Функционалдық сауаттылық әдістемесі	А) Қазақ әдебиетін мектепте және жоғары оқу орнында оқыту үдерісінің мазмұны мен әдіснамалық негіздерін меңгереді; әдеби білім беру жүйесінің

		меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.	жаңа әдістері мен түрлері, көркем әдебиетті оқыту тарихының жүйесі, құрылымдық ерекшеліктері, көркем шығарманы оқыту, көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдері, әдебиет сабағының үлгілері мен түрлері, әдебиетті оқытуды ұйымдастыру, оқушы білімін есепке алу және бағалау, әдебиет сабағының көрнекілігі, әдебиетті оқытудағы жаңа технологияларды және жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану, әдебиет бойынша сыныптан тыс оқу және сыныптан тыс жұмыстар сынды негізгі мәселелерді қамтиды.		тарихи даму кезеңдері мен заманауи талаптарын түсінеді. В) Әдеби шығармаларды жанрлық, идеялық, көркемдік тұрғыдан талдаудың әдістерін игере отырып, оқушының жас ерекшелігі мен қабылдау деңгейіне сай оқыту технологияларын таңдай алады. С) Әдебиетті оқытуда инновациялық әдістер мен цифрлық ресурстарды (интерактивті платформа, мультимедиа, визуалды материалдар) тиімді қолдану тәсілдерін меңгереді; шығармашылық тапсырмалар мен оқыту стратегияларын құрастыра алады. Д) Әдебиет сабағына арналған сабақ жоспары, оқу жобасы, талдау үлгісі сияқты әдістемелік өнімдерді әзірлеу барысында дербес шешім қабылдау, ғылыми негізде дәлелдеу және кәсіби-шығармашылық қабілеттерін дамытады. Е) Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын заманауи бағалау жүйелерін (критериалды бағалау, рефлексия, портфолио, қалыптастырушы бағалау т.б.) тиімді ұйымдастырып, оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған педагогикалық рефлексия жүргізе алады.
5	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	Білім беру ұйымдарында басқару мен көшбасшылықтың заманауи теориялық негіздерін, құрылымын және практикалық аспектілерін меңгерту, болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерін, көшбасшылық	«Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық» пәні білім беру жүйесіндегі негізделген қажеттілік ретінде еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап береді, нақты жағдайларды талдау және диагностикалау дағдыларын дамытады. Пәнді оқытудың мақсаты білім берудегі көшбасшылықты ұйымды басқару құралы	Пререквизиттер: Педагогика, Инклюзивті білім беру Постреквизиттер: Функционалдық сауаттылық әдістемесі	А) Психолог-консультанттың, психолог-менеджердің оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда құзыретті басқарушылық шешімдерді, көшбасшылық қасиеттерді әзірлеу үшін практикалық қызметте білім беру саласындағы іргелі білім мен дағдыларды ажыратады және таңдайды; В) Білім беру ұйымында басқарудың түрлері мен

		қасиеттерін қалыптастыру және стратегиялық ойлау дағдыларын дамыту.	ретінде қолдану аясында қарастыруға негізделген және болашақ мамандардың көшбасшылық әлеуетін психологиялық-педагогикалық құрал ретінде дамытуға, болашақ білім беру көшбасшысы ретіндегі білім алушының рефлексивті құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Пәнді оқу барысында білім алушы ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді, білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады және жетілдіріледі.		деңгейлерін анықтап, әртүрлі басқарушылық теориялар мен модельдерді талдайды; С) Тиімді көшбасшылық стилдерін таңдауға және оларды әртүрлі педагогикалық жағдайларда қолдануға қабілетті болады; В) Білім беру ұйымында бірлескен ұжымды құрудың, қызметкерлердің мотивациясын арттырудың және тиімді жұмыс ортасын қалыптастырудың жолдарын меңгереді; Е) Инновациялық технологиялар мен білім беру саласындағы жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді басқару үдерісінде қолдана алады.
6	Бағалаудың өлшемдік технологиясы	білім алушыларға оқыту нәтижесін бағалаудың қазіргі құралдары, білім беру процесіндегі бағалаудың орны мен ролі, критериалдық бағалау технологиясының моделі жайында түсінік беру.	Оқу-тәрбие процесінде білім алушылардың білім деңгейін анықтауда критериалды бағалаудың маңызы ерекше. Білім беру процесінде білім алушылардың білім көрсеткішін арттырумен қатар олардың жеке тұлғалық қасиеттері мен құзыреттіліктеріне, қоршаған ортада қарым-қатынас жасай білу қабілеттіліктеріне, өзін-өзі жетілдіру бағыттарына да үлкен мән беру қажет. Критериалды бағалау алдын ала белгілі өлшемдерге сәйкес білім алушының жеке оқуын түзетуге мүмкүндік беруді, оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жетуде білім алушылардың білімін бағалауды қамтиды. Критериалды бағалау сабақтың барлық кезеңінде жүзеге асырылып, интерактивті оқытудың ұжымдық, топтық, жұптық түрлерінің барлығына өз тиімділігін көрсетеді.	Пререквизиттер: Педагогика, Инклюзивті білім беру Постреквизиттер: Функционалдық сауаттылық әдістемесі	А). білім алушыларға бағалаудың түрлері және ұстанымдары жайында мағлұмат беру; В). бағалау кезеңдері және инструменттерін талдата меңгерту; С). критериалдық кесте рубрикаторлары, форматтық бағалау және суммалық (ішкі және сыртқы) бағалаудың ерекшеліктерін түсіндіру; D). оқу бағдарламасы және оқу жоспарынның (қысқа, орта, ұзақ) түрлері жайында ұғымдар қалыптастыру; Е). портфолионың педагогикалық міндеттері, функциясы мен құрамы және оны қолданудың білік- дағдыларын игерту.

7	XIX ғ.қазақ әдебиетінің тарихы	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті мұраларын қазіргі әлемдік өркениетталаптарына сай оқыту.XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы туралы ғылымды жүйелі түрде меңгерту болып табылады. XIX ғасыр әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра оқыту.	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті мұраларын қазіргі әлемдік өркениет талаптарына сай оқыту, қазақ әдебиеті тарихы туралы ғылымды жүйелі түрде меңгерту болып табылады, әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра оқытады. XIX ғасыр әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра отырып, XIX ғасыр әдебиетінің дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзиямен сабақтастығы, көркемдік-стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық баяндалады.	Пререквизиттер: Халық ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе, Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті Постреквизиттер: XХ ғ. қазақ әдебиеті, Қазіргі әдеби процесс, Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет	А).XIX ғасырдағы әдеби шығармаларды көркемдік ерекшелігіне қарай саралай отырып, онда қолданылған поэтикалық әдіс-тәсілдерді талдау; В).XIX ғасырдағы әдеби шығармалардың мәтіндерімен таныс болу. С).XIX ғасырдағы әдеби шығармаларды тақырыптық, жанрлық ерекшелігіне қарай талдай алады; тарихи-типологиялық салыстыру негізінде XIX ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясының құрылымдық-семантикалық бірлігіне талдау жасап, оның ұлттық ерекшелігін ашып көрсете біледі; D). пән бойынша қамтылатын әдеби шығармаларды романтизм, реализм көркемдік әдістерінің ұлттық және жалпыазаматтық сарындар жүйесімен (зар заман, діни-исламдық, ағартушылық ағымдар) тектестігін және өзгешеліктерін саралайды. E)осы дәуір ақын-жырауларының шығармаларын жатқа біледі.
8	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы	Аталмыш кезеңдегі түрлі әдеби ағымдар мен бағыттардың, олардың айтулы өкілдерінің шығармашылығын түбегейлі қарастыру арқылы «алтын ғасыр» аталған әдебиеттің табиғатын ашу.	Бұл пәнде жазба әдебиеттің ең бір өнімді де көркемдік ізденіске толы кезеңі - XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тарихы жүйеленеді. Аталмыш кезеңнің қазақ әдебиеті даму үрдісіндегі өзіндік орны, түрлі әдеби бағыттардың жазба әдебиеттің өркендеуіне қосқан үлесі қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік үдерістерімен бірлікте алынып қарастырылады.	Пререквизиттер: Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуірдегі әдебиет Постреквизиттер: Қазіргі әдеби процесс	А) Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студенттің меңгеруге тиісті түсініктері, білімдері, біліктіліктері және дағдылары; В) Әдеби бағыттардың ерекшеліктері мен ортақ бірлігін ажыратып, белгілі өкілдерінің шығармашылығы арқылы творчестволық жетістіктер мен кемшіліктерді саралауы тиіс; С) Әрқилы әдебиет өкілдерінің шығармашылық лабораториясына бару арқылы

					ілгерішіл әдебиет қаламгерлердің шығармашылықтарындағы басты жетістіктерін ашуы тиіс; D) Бұрын қарастырылмай немесе біржақты қарастырылып келген әдебиеттің айтулы тұлғаларының шығармашылығын бүгінгі көзқарас тұрғысын бағалай біледі; E) тарихи-типологиялық салыстыру негізінде XIX ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясының құрылымдық-семантикалық бірлігіне талдау жасап, оның ұлттық ерекшелігін ашып көрсете біледі.
9	Жай сөйлемі синтаксисі	Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесімділігін, сөздердің байланысу тәсілдері мен формаларын, синтаксистік қатынасын, жай сөйлем түрлерін меңгерту.	Синтаксис, соның ішінде сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі, тілдің басқа салаларының жиынтығы ретінде қарауды, сөз формаларының синтаксистік қызметін, олардың белгілерін, сөз тіркесінің тәсілдері мен формаларын, қазіргі қазақ тілі синтаксисіндегі сөйлемнің анықтамасын, негізгі қызметтерін білу, еркін тіркес пен тұрақты тіркесті ажырата білу, сөйлем мүшелерін талдауды, қазақ тілі синтаксисінің негізгі заңдылықтарын дұрыс тани білуге оқытады.	Пререквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы Постреквизиттер: Құрмалас сөйлем синтаксисі	A). Қазақ тілінің синтаксистік бірліктерін, қазақ тілінің әдеби синтаксистік нормаларын оқып үйренуде кәсіби білім, білік және дағдыға ие болады, B). Қазақ тілінің синтаксистік бірліктерін оқып үйренудің қазіргі ғылыми принциптерін біледі. C). Қазақ тіліндегі синтаксистік бірліктердің құрылымдық, семантикалық, функциональдық тұрғыда талдап, лингвист ғалымдардың еңбектеріне өзіндік тұжырым жасай алады. D).Лингвистикалық терминологияны меңгереді. E). Оқытудың үздік заманауи технологиялары мен қазіргі қазақ тілі синтаксисі бойынша тың зерттеулер туралы кеңнен мағлұмат алып, оны практика барысында оңтайлы пайдалана білуді игереді.
10	Жұбановтану	Жұбановтану пәнінің мақсаты – студенттерге Қ.Жұбановтың тіл біліміндегі зерттеулері, өмірі мен	Қ.Жұбановтың тіл білімі саласындағы еңбектері, ғылымға қосқан жаңалықтары мен соны тұжырымдары, қазіргі ғылыми парадигмамен сабақтастығы, теориялық маңыздылығы талданып,	Пререквизиттер: Ұлттық руханият Постреквизиттер: Қазақ әдеби тілінің тарихы	A).Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттарды меңгереді. B). Тіл білімінің жаңа бағыттарының Жұбанов еңбектеріндегі көрінісін сипаттайды.

		қызметі туралы, тұлға ретінде қалыптасуы жөнінде білім беру.	ғалымның ғылыми тілдік тұлғасы жан-жақты ашылып, меңгереді. Сонымен қатар ғалымның көркем әдебиет, публицистика, әдістеме салаларындағы зерттеулері, аудармашылық, драматургтік, ақындық, суретшілік өнері туралы мәлімет беріледі. Ғалым еңбектері туралы қорғалған диссертацияларға шолу жасалып, жұбановтану ілімінің жалғастығы баяндалады.		С). Жұбановтану ілімі және қазіргі тіл білімінің байланысын теориялық негіздейді. Д). Жұбановтың ғылыми зерттеу еңбектерін игереді, талдайды. Е). Жұбановтану ғылымының негізгі тұжырымдарын игереді.
11	Абайтану	«Абайтану» курсы игеру барысында алған білімдерін толықтырып, абайтанудың басты салалары (зерттелу тарихы, текстология, ойшылдығы, дүниетанымы) бойынша ұлы ақын талантының танымдық және тәрбиелік мәніне тереңірек үңілуге жол ашады.	Абайтану сан алуан маңызды мәселелерді қамтиды, шығармашылық жолының халықтық негіздерін, ұлттық сипатын айқындайды, лирикалық шығармаларының, дастандары мен қара сөздерінің тақырыптық, идеялық, жанрлық, тілдік ерекшеліктерін, ақындық тұлғасын, суреткерлік әдісін, көркемдік шеберлігін тереңдеп ашып көрсетуге қатысты мәселелерді, сондай-ақ ұлы ойшыл ақынның дүниетанымын, қоғамдық, философиялық, эстетикалық көзқарастарын зерттеу мәселесін айқындайды.	Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе Постреквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті	А).Пәнді игеру барысында студенттер ұлы ақын әдеби мұрасын жинақтау, оның басылым көру, зерттелуімен, абайтанудың қалыптасу жолымен танысады. В). Абайтанудың әр саласы бойынша проблемалары мен жаңалықтарына назар аударады. С).Абайтану бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарына машықтанады. D).Бұрынғы және соңғы кездегі E)..Абай мұрасына, дүниетанымына теріс көзқарастармен танысады, Абайтануды таза сақтау, дұрыс насихаттау жолдарын игереді
4-курс					
1	Педагогикалық практика	Тұтас педагогикалық процесті құзырлылық әдіспен іске асыруға мүмкіндік беретін болашақ мұғалімнің кәсіби іскерлігін және дағдысын және педагогикалық іс-әрекеттің, зерттеушілік әдісін дамыту.	Практика барысында студенттер оқу орындарындағы нақты педагогикалық жағдайлармен танысып, мұғалім қызметінің мәнін тереңірек түсінеді. Бұл үдеріс студенттерге оқу-тәрбие мекемелерінде өздігінен жұмыс атқаруға дағдыландырып, олардың кәсіби қызметке бейімделуіне, педагогикалық шеберлік пен коммуникативтік дағдыларды меңгеруіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, педагогикалық практика – студенттердің кәсіби санасының қалыптасуына, мұғалімдік қызметтің	Пререквизиттер: Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі Постреквизиттер: Функционалдық сауаттылық әдістемесі	А)Студент педагогикалық үдерістің мәнін, құрылымын және ерекшеліктерін түсінеді. Жалпы педагогика, психология, әдістеме негізінде мектептегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми-теориялық негіздерін меңгереді. В)Теориялық білімін нақты оқу-тәрбие мекемесінде практика барысында қолданады. Оқу жоспары, сабақ кестесі, күнтізбелік жоспарлау, сабақ өткізу, оқушы білімін бағалау секілді міндеттерді өз бетінше орындай алады.

			ерекшеліктерін ұғынуына және білім беру жүйесіндегі әлеуметтік жауапкершілікті сезінуіне ықпал етеді.		<p>С) Педагогикалық ахуалды талдайды, қиындықтарды бағалай отырып, кәсіби тұрғыдан шешім қабылдайды. Оқу үдерісінің тиімділігін саралап, өзінің әдістемелік шешімдеріне сыни көзқараспен қарай алады.</p> <p>Д) Оқушылармен, әріптестермен, мектеп ұжымымен кәсіби және этикалық тұрғыда тиімді қарым-қатынас орнатады. Өз ойын ауызша және жазбаша түрде нақты, сауатты жеткізе алады.</p> <p>Е) Практика барысында алынған тәжірибе негізінде кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге ұмтылады. Өз білімін үздіксіз жаңартып отырудың маңызын түсінеді, рефлексия жүргізе алады.</p>
2	Функционалдық сауаттылық әдістемесі	Функционалдық сауаттылық курсы студенттерге өздерінің білімдерін күнделікті өмірде, кәсіби қызметте тиімді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. Курстың мақсаты студенттерге тек теориялық білім беру емес, сонымен қатар оларды функционалдық сауаттылық дағдыларымен қаруландыру, оларға мәтіндерді дұрыс түсіну, анализ жасау және ақпаратты тиімді жеткізу тәсілдерін үйрету болып табылады.	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктерін, жеке тұлғаны қалыптастырудағы білім берудің әлеуметтік бағыттылығын, функционалдық сауаттылықтың қазіргі өзгермелі әлемдегі әлеуметтік-мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуын меңгереді және белгілі бір мәдени ортада өмір сүру үшін қажет деп саналатын жеке адамның әлеуметтік өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін білім, білік, дағды жиынтығын құра алады, адамның даму тетігі ретінде пайдалана алады.	<p>Пререквизиттер: Құрмалас сөйлем синтаксисі, Қазақ тілін оқыту әдістемесі</p> <p>Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері</p>	<p>А) Функционалдық сауаттылықты оқыту барысында студенттердің коммуникациялық, тілдік және ақпараттық құзыреттіліктері қалыптасады.</p> <p>В) Мәтіндердің функционалдық түрлерін айыра біледі, олардың мақсатты аудиториясын анықтап, мәтіндерді дұрыс интерпретациялайды.</p> <p>С) Студенттер мәтіннің құрылымын түсініп, оны дұрыс талдайды, әртүрлі мәтіндер жанры мен стилін ажырата алады.</p> <p>Д) Студенттер ақпаратты тиімді түрде жинақтап, оны әртүрлі форматтарда ұсынуға дайын болады (қысқаша баяндау, ресми хаттар, пікірлер).</p> <p>Е) Студенттер ақпараттың мәнін түсініп, өздерінің кәсіби саласында оны дұрыс пайдалана</p>

					біледі, әлеуметтік мәдениетке және ұлттық ерекшеліктерге назар аударады.
3	Құрмалас сөйлем синтаксисі	Қазіргі қазақ әдеби тілінің синтаксистік жүйесін ғылымда әбден зерттеліп тұрақталған көзқарас тұрғысынан танып білу, сипаттау; студенттің әдеби тіл нормасын игеруіне көмектесу; болашақ мұғалімдерге қажет тілдік әдістемелік білімдермен қаруландыр	Құрмалас сөйлемнің синтаксисі курсы оқытуда қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдер мәселелеріне арналған жаңа зерттеулердің нәтижелерімен таныстырылады. Жалпы тіл біліміндегі теориялық тұжырымдамаларды игертіледі. Құрмалас сөйлемдер, зерттелуі, құрмалас сөйлем түрлері, салалас құрмалас сөйлемдер, сабақтас құрмалас сөйлемдер, көп құрамды құрмалас сөйлемдер, түрлеріне анализ жасау, ажырату негізінде сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап үйретіледі. Мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырылады.	Пререквизиттер: Жай сөйлем синтаксисі Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	А) Тіл білімінің жаңа салалары мен бағыттары туралы үйренеді. В) Қазақ синтаксисінің салаларының ғылыми негіздемесін меңгереді. С) Тіл білімінің негізгі салаларының жіктелімін біледі, ғылымдағы жаңа терминдермен таныс болады. Д) Қазақ стилистикасының, грамматикасының ғылыми жүйесін игереді.
4	Қазіргі қазақ әдебиеті	Тәуелсіздік алған жылдардағы ұлттық әдебиеттегі көркемдік қуаты ерен, парасат-пайымдау толғамы терең ерекше шығармалардың генезисі, стилистикасы, поэтикасы, сөз өнерпазының көркемдік-философиялық дүниетанымы, жанрлық, тақырыптық, тілдік-стильдік, ғылыми-танымдық ерекшеліктері, адам-табиғат қарым-қатынастары жаңаша талдануға тиіс.	Қазіргі қазақ әдебиеті пәнін оқуда студенттер тәуелсіздік алған жылдардағы ұлттық әдебиеттегі көркемдік қуаты ерен, парасат-пайымдау толғамы терең ерекше шығармалардың генезисі, стилистикасы, поэтикасы, сөз өнерпазының көркемдік-философиялық дүниетанымы, жанрлық, тақырыптық, тілдік-стильдік, тағылымдық-танымдық ерекшеліктері, адам-табиғат-көркем туынды қарым-қатынастарын игереді. Қаламгерлердің көркемдік ізденістері, әдеби туындылардың танымдық және тағылымдық мәні, орны, маңызы, ұлттық сипаты туралы біледі.	Пререквизиттер: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	А)Студенттер тақырып тандау, материал жинау, конспект жазуды меңгере біледі; В) ақын-жазушылар шығармаларын ажырата алады; С)ақын-жазушылар шығармаларының идеялық, эстетикалық мазмұнын аша білуге дағдыланады; Д)ақын-жазушылар шығармаларында табиғатын біледі. Е)Әдеби шығармаларды оқу теория мен әдебиет тарихымен байланыстырып салыстыра алады.
5	Әдебиет теориясы	студенттерді көркем	«Әдебиет теориясы» көркем әдебиеттің болмысы мен	Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе	А) Әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы;

		әдебиеттің жаңалық, тектік сипаттарымен бірлікте поэтика, стиль, предметтік бейнелеу жүйесін танып, білуге бейімдеу; шығарманы комплексті талдауға үйрету.	бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселелерін ұғынады.	Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	В) өнердің қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері туралы ұғым қалыптастыру; С) өнердің халықтығы, мазмұны мен пішіні; D) композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру; Е) көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету.
6	Жалпы тіл білімі	Жалпы тіл білімі филология факультетінде жүргізілетін тілдік пәндердің бәрінен кейінөтіледі. Курстың мақсаты – біріншіден, студенттердің өз мамандықтары бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау сипатында болса, екіншіден, олардың тіл білімінен алған теориялық білімдерін тереңдете түсуді көздейді.	Тіл ғылымындағы сабақтастық, оның дамуы жөніндегі қисыны, бірегейлігі мен көп аспектілігі туралы мәліметтермен танысып, жалпы тілдік функциялары мен тіл табиғатын, олардың қоғам өміріндегі рөлі мен мәселелерін, тілдерді зерттеу әдістерінің бүгінгі бағыттарын ажырата біледі, әлемдік тіл біліміндегі жетекші ғалымдардың еңбегімен танысады, жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды жобалауға, дайындауға үйренеді.	Пререквизиттер: Тіл біліміне кіріспе Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	А) Жалпы тіл білімін оқытуда коммуникативтік, тілдік, ақпараттық, этномәдениет танымдық құзыреттілігін қалыптастырады. В) Жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды С) тіл білімінің теориялық мәселелері, лингвистикалық ілімдер мектебі мен тарихын, тілдің қоғамдық, таңбалық сипатын, олардың өзіндік айырмашылықтарын ажырата біледі. Д) Жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін, әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін Е) этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани біледі.
7	Дискурс талдау теориясы	«Дискурс талдау теориясы» пәнінің мақсаты – болашақ филологтардың дискурс теориясы туралы ғылыми	Пәннің мақсаты - дискурстың зерделену ерекшеліктерін меңгерту арқылы қарым-қатынастың сәттілігін қамтамасыз етуге үйрету. Негізгі мазмұны келесідей тақарыптарды қамтиды: дискурс	Пререквизиттер: Жұбановтану Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	А) Дискурстық терминдерді меңгереді. В) Дискурсология негізгі ғылыми бағыттарын біледі. С) Дискурс ұғымын ғылыми тұрғыдан сипаттайды.

		ұғымдарын қалыптастырып, теориялық білім беру, дискурс теориясы проблемалары мен олардың шешілу жолдарын игерту.	терминінің мәні, оны талдаудың, зерттеудің қажеттілігі, әңгімелесу, сөз, дискурстың арақатынасы және сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына үңілу. Сондай-ақ, «Сөйлемдегі тіл» мен «Әрекеттегі тіл» арақатынасын да қарастырады. Білік, білім, тәжірибе және әлеуметтік шындық құрылысын меңгереді.		Д) Дискурстың өзге тіл бірліктерімен байланысын ашады. Е) Коммуникативтік жағдаятқа дискурстық талдау жасайды.
8	Қазақ әдеби тілінің тарихы	«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша мамандар даярлауда «Қазақ әдеби тілінің тарихы» пәнінің алатын орны мен маңызы ерекше. «Қазақ әдеби тіл үлгілерін танып-талдауда және өзге филологиялық пәндермен («Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», «Хандық дәуір әдебиеті», «XIX ғасыр және XX ғасыр басындағы әдебиет») бірлікте оқыту әдеби тілді дұрыс тануға, қайнар көзі мен даму арналары, қалыптасу негізі, нормалық белгілері және әрбір кезеңге тән әдеби тіл үлгілерін жан-жақты саралауды мақсат етеді. Курс барысында болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандары ұлт тілінің ең жоғары даму көрсеткіші - әдеби тіл мен оның жалпы халықтық тілмен, ауызекі сөйлеу тілімен арақатынасы сияқты мәселелерді теориялық-практикалық негізді ұғындыруда аса маңызды екендігін түсінеді.	Қазақ әдеби тіл үлгілерін танып-талдауда және өзге филологиялық пәндермен («Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», «Хандық дәуір әдебиеті», «XIX ғасыр және XX ғасыр басындағы әдебиет») бірлікте оқыту әдеби тілді дұрыс тануға, қайнар көзі мен даму арналары, қалыптасу негізі, нормалық белгілері және әрбір кезеңге тән әдеби тіл үлгілерін жан-жақты саралауды мақсат етеді. Курс барысында болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандары ұлт тілінің ең жоғары даму көрсеткіші - әдеби тіл мен оның жалпы халықтық тілмен, ауызекі сөйлеу тілімен арақатынасы сияқты мәселелерді теориялық-практикалық негізді ұғындыруда аса маңызды екендігін түсінеді.	Пререквизиттер: Жұбановтану Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	А.) Қазіргі сабақ және оның түрлері туралы мәлімет алады; В). Қазақ әдеби тілінің стилистикалық құрылысының тарихы жайында теориялық білім алады; С). Қазақ тілінің жазбаша және ауызекі сөйлеу түрлерінің фонетика-фонологиялық, морфологиялық және синтаксистік жүйесіндегі тарихи өзгерістердің негізгі заңдылықтарын игереді
9	Қазіргі әдеби процесс	Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиеті пәні бойынша алған білімдерін қазіргі заман әдебиетінің жанрлық түрлерін зерделеу үшін студенттердің арнайы дайындығының теориялық және практикалық негізін ескереді. XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдағы	Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиеті пәні бойынша алған білімдерін қазіргі заман әдебиетінің жанрлық түрлерін зерделеу үшін студенттердің арнайы дайындығының теориялық және практикалық негізін ескереді. XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдағы	Пререквизиттер: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	А) XX ғасырдың соңындағы әдеби шығармаларды тақырыптық, жанрлық ерекшелігіне қарай талдауға үйрену; В) тарихи-типологиялық салыстыру негізінде XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басындағы прозалық, поэзиялық және драмалық

		студенттердің арнайы дайындығының теориялық және практикалық негізін ескеру.	ұлттық сөз өнері дамуының ерекшеліктерін игереді. Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі сабақтастығы мұрасындағы түркі өркениеті мен ислам мәдениеті көріністерін түсінеді. XX ғасырдың соңындағы әдеби шығармаларды тақырыптық, жанрлық ерекшелігіне қарай талдауға үйренеді; тарихи-типологиялық салыстыру негізінде XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басындағы прозалық, поэзиялық және драмалық туындыларды құрылымдық-семантикалық бірлігіне талдауды біледі; оның ұлттық ерекшелігін ашып көрсетуге дағдылану, әр ақын-жазушының шығармаларынан үзінділерді жатқа оқиды, ғылыми талдау жасап үйренеді; шығарманың жанры мен стиліне, тақырыбы мен сюжетіне, композициясы мен тіл көркемдігіне ерекше назар аудара отырып, ой толқыны мен образдар бедері берілуіне, ақын позициясының тұтастығын танытуда ғылыми пайымдаулар жасап үйренеді.		туындыларды құрылымдық-семантикалық бірлігіне талдауды білу; С) оның ұлттық ерекшелігін ашып көрсетуге дағдылану.
10	Тіл біліміндегі жаңа бағыттар	қазіргі заманғы лингвистиканың жаңа бағыттарымен және ғылыми парадигмаларымен таныстыру, тіл білімінің жаңа бағыттарына ғылыми тұрғыдан талдау жасай білу; магистранттарда қазіргі тіл білімінің парадигмаларын, бағыттарын, принциптері мен әдістерін оқып-үйрену арқылы	Пәннің мақсаты тіл білімі ғылымның іргелі саласы ретінде қалыптасуын кезеңдері бойынша қарастырады. Әр кезеңдегі ғылыми еңбектердің тіл білімі саласын ілгерілетудегі үлес салмағын анықтайды; кешенді талдау жасайды. Белгілі лингвист ғалымдардың тіл білімі салаларының дамуы мен қалыптасуына қосқан үлестерін көрсетеді және жаңа ғылыми бағыттар бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулерге шолу жасайды.	Пререквизиттер: Ғылыми зерттеу әдістері, Жалпы тіл білімі Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	А) Терең теориялық білімін практикамен ұштастырады, әртүрлі ғылыми теорияларды, оның ішінде психологиялық ғылыми теорияларды салыстыра алады, тарихи даму контекстіндегі қазіргі жай-күйін талдай алады; В) Филологияның адамның әлемді, социумды түсінуін қамтамасыз етудегі ролін, қазіргі тіл білімінің негізгі объектілері мен оны оқып-үйренудің аспектілері туралы түсінігі қалыптасады. С) . Әдебиеттану, әдебиет тарихы, әдебиет сыны және лингвистика саласында кәсіби құзыреттіліктерін дамытады

		филологиялық құзыреттілікті қалыптастыруға көмектесу.			Д) лингвистика тарихындағы ғылыми парадигмалар, функционалды бағыттағы лингвистика, генеративті лингвистика, психолингвистика, элеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, прагмалингвистика, дискурстық, гендерлік және компьютерлік лингвистика т.б. жайында білуі тиіс; Е) Оқу жағдаятында әдістемелік білім мен қолданбалы біліктілігін жүзеге асырады: тарихи және қазіргі тіл білімі қалпын, теориялық, практикалық және әдіснамалық аспектілерін сипаттайтын базалық терминдерді игеріп, түрлі тілдік бірліктерді талдай білу дағдысын меңгереді.
11	Қазақ тілінің терминологиясы	қазақ терминологиясының қалыптасу және зерттелу тарихын, сонымен бірге ұлттық терминдердің пайда болу жолдарын, оны тілімізде қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін, принциптерін ғылыми тұрғыда ашып көрсету, сол арқылы тіліміздегі терминдердің болмысын тану.	Қазіргі қазақ терминологиясының даму тарихымен таныстыру, терминтанудың ғылым ретінде қалыптасу жолын айқындау, ұлттық терминдер қорын жасауда ұстанатын бағыт-бағдар, ұстаным-қағидаттарды анықтау, терминологияның өзге де көптеген ғылыми-теориялық, практикалық мәселелерін жан-жақты ұғындыру. Бұл қатарға термин сөз бен терминдер жүйесінің лингвистикалық табиғатын, әр саланың ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін, терминологияны біріздендіру, реттеу, стандарттау сынды терминологиялық жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде жүргізудің ғылыми негізі мен әдістемесін үйрету.	Пререквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы, Жұбановтану Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	А) Қазақ терминологиясының міндеттерін, оның ішінде ғылыми-техникалық ұғымдардың классификациясы, ұғымдар мен ұғымдар жүйесінің байланысын анықтау В) терминдердің тілімізде қалыптасу жолдарын, тәсілдерін туралы түсінігі болады; С) Қазіргі қазақ тіліндегі терминдер. Терминжасам тәсілдері. Д) Қазақ тілінің лексикасы. Терминология және лексикология. Терминология және аударма. Е) Терминология және этимология жөнінде мағлұмат ала отырып, жеке пікірлерін айтуға дағдыланады:
12	Стилистика және тіл мәдениеті	Пән мақсаты студенттерге тіл мәдениеті мен стилистика туралы жүйелі теориялық білімді игеруді	«Стилистика және тіл мәдениеті» ғылымының теориялық, қолданбалы, прагматикалық негіздерімен таныстыра отырып, қазақ әдеби тілінің мәдениеті мен стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мәлімет беріледі. Стиль	Пререквизиттер: Нормативті қазақ тілі Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	А). Тіл мәдениеті және стилистикасынигеру жолында студент өзінің білімін, стилистикалық талдау дағдысын, іскерлік қабілетін дамытып, ана тілінің қасиетін тереңінен таниды.

		көздейді, оны тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға негізделеді. Бұл пәнді оқытуда студенттерге лингвистикалық стилистиканың бағыттары және негізгі ұғымдары туралы, әсіресе функциональдық стильдер мен тіл ярустарының стилистикалық мүмкіндіктері туралы білім беріледі, кез-келген мәтіннің қай стильге жататынын ажырата білуге үйретеді.	түрлерін ажыратудың жолдарын оқытып, меңгертеді. Қазақ әдеби тілінің функциональды (мақсатты) стиль түрлері, классификациялау, дәстүрлі классификация, жалпы және жеке тіл біліміндегі бағыт-бағдары бойынша кең түрде мәлімет беріледі.		<p>В). Пәнді оқытуда студенттерге лингвистикалық стилистиканың бағыттары және негізгі ұғымдары туралы, әсіресе функциональдық стильдер мен тіл ярустарының стилистикалық мүмкіндіктері туралы білім беріледі, кез-келген мәтіннің қай стильге жататынын ажырата білуге үйретеді.</p> <p>С). тілдің стилистикалық құралдары мен тіл стильдері тармақтары туралы білім мен дағдысын қайталау, тереңдету, жинақтау;</p> <p>Д). практикалық стилистикада қолдана білуге баулу</p> <p>Е). жалпы пәннің ғылыми және практикалық мәнін түсіндіру т.б.</p>
13	Қорытынды аттестаттау	Қазақ тіл білімі мен әдебиеті тарихы, тіл білімі мен әдебиет салалары, жазу және оның түрлері, орфография мен орфоэпия, лексикология, фонетика, морфология, синтаксис мәселелері, тілдерді классификациялау, сондай-ақ әдебиет тарихы туралы білім беруді көздейді.	Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің тарихына үңілу, негізгі ұғымдармен таныстыру, тіл білімі мен әдебиетінің негізгі кезеңдері мен бағыттарына тоқталу көзделеді. Сондай-ақ тіл білімі мен әдебиетінің салалары, олардың нысаны мен мақсаты туралы білім меңгертіледі. Бұл пән студенттердің тіл білімі мен әдебиет салаларына тән негізгі ұғымдарды ажыратуына, сол салаларға сай ілімдерді игеруіне мүмкіндік жасайды.	Пререквизиттер: Қазақ тілінің салаларына қатысты пәндер, Әдебиет тарихына байланысты пәндер Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері	<p>А) алған білімдерін көркем әдебиетті, жазушылар шығармашылығын, әдеби бағыттар мен әдістерді, стильдік ерекшеліктерді, әдеби процестің тарихи кезеңдерін және әлемдік әдебиеттің қазіргі заманғы құбылыстарын кешенді талдау барысында қолдана алады;</p> <p>В) негізгі оқу материалдарын түсініп, сол негізде тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады;</p> <p>С) тілдің терең мазмұндық құрылымын таниды;</p> <p>Д) тіл мен әдебиеттің ұлттық табиғатын түсініп, ұлттық таныммен байланысын пайымдайды;</p> <p>Е) тіл мен әдебиеттің ұлт өміріндегі рөлі мен қызметін әр</p>

					қырынан саралап, ғылыми-теориялық тұрғыдан баға береді.
--	--	--	--	--	---